

**Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің
«Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РММ
жиналысының хаттамасы**

№9

2026 жыл, 20 сәуір
Астана қаласы

Төрағалық етуші: Жанабаев А.

Хатшы: Аетова А.

Қатысқандар: 17 қызметкер

Қатыспағандар: Есильбаева Г. – тағылымдамада, Ботабеков С., Баймағамбетова А., Тубышева А. – іссапар, Бисенова Г. – еңбек демалыс

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Атқарылған жұмыстар бойынша
2. Тапсырмалар
3. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту

**Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы
мәдениетті нығайту**
(Аетова А.)

Қазіргі қоғамда сыбайлас жемқорлық ұйымдардың тиімді жұмысына және олардың беделіне айтарлықтай қауіп төндіреді. Сондықтан қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз - қызметтік өкілеттіктерді жеке пайда үшін заңсыз пайдалану. Оған пара алу, пара беру, қызметтік жағдайды асыра пайдалану сияқты әрекеттер жатады. Мұндай құқық бұзушылықтар ұйымдағы әділдік пен сенімділікке нұқсан келтіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет - бұл қызметкерлердің заң талаптарын ғана емес, сонымен қатар адалдық, ашықтық және жауапкершілік қағидаларын ұстануы. Мұндай мәдениет қалыптасқан жағдайда қызметкерлер заңсыз әрекеттерден саналы түрде бас тартады.

Бұл мәдениетті нығайтуда ұйым басшылығының рөлі ерекше. Басшылар өз әрекеттерімен үлгі көрсетіп, адалдық қағидаларын сақтауы тиіс.

Қызметкерлерді оқыту да маңызды бағыттардың бірі. Тренингтер мен семинарлар арқылы олар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін танып, олардан сақтану жолдарын үйренеді.

Жыл сайын №4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» типтік базалық бағыты (бұдан әрі – ТБН №4) жобасы бойынша міндеттер картасы бекітіледі. Аталған картограмма мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар үшін орындауға міндетті болып табылады.

Картограмманың негізгі мәні - сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоғары салалар мен бағыттарды айқындау, оларды талдау және алдын алу шараларын жүйелеу. Құжатта тәуекелдер туындайтын негізгі процестер, қызмет бағыттары, сондай-ақ оларды азайтуға бағытталған нақты іс-шаралар көрсетіледі.

Картограмма аясында ұйымдар өз қызметіне ішкі талдау жүргізіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға, оларды жою немесе төмендету бойынша шаралар қабылдауға міндетті. Сонымен қатар, құжатта бақылау тетіктерін күшейту, ашықтықты арттыру, қызметкерлердің жауапкершілігін көтеру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ұсыныстар қамтылады.

Осылайша, картограмма сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, тәуекелдерді басқару және ұйымдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған негізгі құралдардың бірі болып табылады.

Сонымен қатар, аталған картограмманың міндетті түрде орындалуға жататын тармақтардың бірі - субъект қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту болып табылады. Яғни, қызметкерлерді оқыту, оның ішінде «Documentolog» ақпараттық жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы онлайн-курстан өтуі қамтамасыз етілуі тиіс.

Аталған онлайн-курстың тақырыбы соңынан 10 кейстік тест сұрақтары болатыны, курс не үшін керегі, нәтижесінде 2 жыл мерзімі бар курсты аяқтағанын растайтын электронды сертификат берілетіні қызметкерлерге түсіндірілді.

Бүгінгі таңда онлайн-оқытудан мекеменің басшылық құрамы, қаржы блогы (бас бухгалтер, экономист) және комплаенсқа жауапты қызметкер өткені айтылды.

**Қолжазбалар және сирек кітаптар
ұлттық орталығы директорының м.а.**

Хатшы



А.Жанабаев

А.Аетова